



**Сабақтың тақырыбы**

**“Қоғамдағы  
бейбітшілік және  
келісім”**



**Құндылық:**

**Қиянат жасамау**

**Қасиеттер:**

**Жауапкершілік, адалдық,  
Ынтымақтастық**

## **Мақсаты:**

Қоғамдағы бейбітшілік және келісім туралы түсінік бере отырып, қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу.

# Міндеттері:

- “Бейбітшілік”, “ынтымақ” ұғымдарын дұрыс әрекет құндылығымен байланыстыра отырып ұғындыру;
- жауапкершілік, адалдық қасиеттерін дамыту;
- татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.

# Дәйексөз

Игілік — басы ынтымақ,  
Ынтымақты елде күншуақ.

Мақал

Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіздер?



# Оқып үйренейік

**“Береке бастауы – бірлік пен бейбітшілік”  
Бейнежазба**

# Ойланайық, пікірлесейік

1. Бейнежазбада қария балаларға қандай өсиет айтты?
2. Қария асық арқылы не үйреткісі келді?
3. Бейнежазба кейіпкерлерінің өмірлік ұстанымдары арқылы қандай құндылықтар мен қасиеттерге негізделген?
4. Бейнежазбадан қандай ой түйдіңіздер?

# Жаңа ақпарат

“Тағдыр да тек бір-біріне тілеулес жүретін, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара алатын тату, бауырмал, мейірбан, намысшыл қауымдарға ғана қарасатын сыңайлы. Ауызбірлігі жоқтың, арасы ашылғанның абыройы асып, бағы тасып жатқаны шамалы. Жақсылықтың тұсында жағаласпаған, жамандықтың тұсында табаласпаған ұйытқылы жұрттардың түгенделмей жатқан кемісі, бүтінделмей жатқан жыртығы жоқ. Пәлесі де тез кетіп, бақыты да тез жетіп жатыр”, - дейді.

Әр кез де адамдар арасындағы ұйымшылдық береке-бірлік, ынтымақ туғызады. Ынтымақ бар жерде адамдар өзара бірлікке келіп, бірлесіп әрекет етеді. Ондай жерде татулық орнайды. Ұжымдағы, ел ішіндегі ынтымақ татулыққа, достыққа жеткізіп, болашағымызды баянды етеді.



# Шығармашылық жұмыс

## 1-тапсырма

Сөздер мен олардың анықтамаларын салыстырып, әрбір терминнің өзіне сәйкес келетін анықтамасын беріңіз. Ұғым Анықтамалары 1. Татулық 2. Достық 3. Ауызбірлік 4. Бірлік 5. Ынтымақтастық А) Адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Ә) Адамдардың берік бірлігі, сыйласымдылығы. Б) Бірлікке келу, бірге тірлік жасаудың көрінісі, татулықтың белгісі. В) Мақсаты бір топ мүшелерінің тату — тәттілік, ынтымақтастық, ұйымшылдық көрсете білуі. Г) Ынтымақтасып біріккен ауызбірлік, іштей байланысты табиғи бір тұтастық.

## 2-тапсырма

Әленді оқып, бейбіт өмірге, тыныштыққа, адамдар арасындағы үйлесімділікке жеткізетін қасиеттерді іріктеп алып, олардың әрқайсысын сипаттап жазыңыз. Құт мекені М. Мақатаев Ақ жарқын қауым Бірінің қамын бірі ойлап, Жарандар, Неткен ынтымақты еді бұл аймақ! Тамаша ауыл, Тап-таза көңіл, таза аспан. Тұрса екен өстіп, Кетпесе екен лайлап. Құтты мекенге қанатын көктен жайған күн, Осынау жерге кіндігімменен байландым. Байырғы қазақ, бастарыңа кеп бақ қонған, Мерекелеріңнен, берекелеріңнен айналдым! Қарттарын сыйлап, жастарын баулып түлеткен, Қаласын сүйген, даласын сүйген жүрекпен. Айналдым сенен, аяулы мекен, дарқан ел! Туған елінің тасына дағы гүл екен.

---

# Білімді бекітуге арналған тест

## 1. Тұлға әлеуметтік қызметін қалай атқаруы тиіс?

- А) Құқын сақтап міндетін, парызы мен борышын риясыз, адал орындауы керек.
- Ә) Жеке басының мүддесін көздеуі керек.
- Б) Өз жеке тәжірибесіне жүгінуі керек.

## 2. Отбасы берекелі болуы үшін....

- А) мүдделердің ортақ болуы керек.
- Ә) ауызбірлік, төзімділік, сүйіспеншілік, адалдық керек.
- Б) материалдық жағынан қамтамасыз етілуі керек.

## 3. Адамдармен тіл табысып, бақытты өмір сүру үшін...

- А) өзің қаламаған нәрсені басқаға да істемеу, өзіңе қалай қарағаның қаласаң, басқаларға да солай қарауың керек.
- Ә) адамның жақсылығын шынайы бағалап, мақтау керек.
- Б) айналасындағыларға өзін көрсетіп, мойындатуы керек.

## 4. Қоғамда бейбітшілік пен келісімнің орнауына әр адамға жауапты.

- А) келісемін, адамдар бір-біріне мейірімді, қамқор болып, ынтымақтасу арқылы тыныштыққа қол жеткізеді, бейбітшілік салтанат құрады.
- Ә) келіспеймін, ол жеке адамдарға байланысты емес.
- Б) мүмкін, бірақ ол- өте күрделі мәселе ғой, жалғыз адам не істей алады?

## Үй тапсырмасы

Мамытбек Қалдыбайдың мәтінін оқу.  
121-124 бет.

# Сабақтың қорытынды сәті

Жақсылық туралы жыр

Ф.Оңғарсынова

Ей, жарық күн, нұрыңды шаш далама,  
Шаш нұрыңды қарттарға, жас балаға.  
Ызғар сіңген жеріме шуақ керек,  
Мұқтаж оған ауыл да, астана да  
Сәулеңменен себеле үміт демін,  
Жер бетінен жылыссын күдіктерім.  
Адамдардың сатқындық, сұмдығынан,  
Қалжыраған жерімді жібіт менің.  
Күңгірттенбей, көтерсін шыңым басын,  
Қарттарымның ұзартқын ғұмыр жасын.  
Қорқыныш пен үрей жер кеуделерде,  
Қу бәрін де, соңына бұрылмасын.